Орыс тілі пәнінің мұғалімі Күзенкулова А.В.
Қазіргі таңда оқушылардың қоғамдық жұмысқа араласуы төмен. Сондықтан GPA оқушыларды қоғам өміріне қатысуымен жетістіктерін, белсенділігін бағалау ынталандырады.

Пед кеңес төрайымы: Жумакулова Г.А

Хатшы: Сисенбаева М.К

## Хаттама №4

Екпетал мектеп-балабақшасында 10 қаңтар 2025 жылы кезекті педагогикалық кеңес өтті.
Қатысуға тиіс:
Қатысқаны: 20
Қатыспағаны: 17 (3 дәлелді)

Күн тәртібіндегі мәселелер:
1. I жарты жылдық бойынша білім сапасының мониторингі.
2. Психологтың жарты жылдық жұмысының есебі.
3. Оқушыларды ғылыми жобаға дайындау жұмыстары.
4. Жалпы білім беретін пәндер және қосымша сайыстар қорытындысы
5. Педагогикалық әдеп нормалары
6. Мектепке дейінгі балалардың азаматтық-патриоттық тәрбиелеу бойынша тәрбиешінің жұмысын ұйымдастыру.
7. Тәрбие жұмысында нормативтік құжаттардың басшылыққа алынуы және "Біртұтас тәрбие" бағдарламасының жоспарының орындалуы.
8. Сабақтан тыс тәрбиелік жобалардың ұйымдастырылуы және оны іске асыру.

Тыңдалды:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары Абдрахманова Г.Ж.: I жарты жылдық білім сапасының көрсеткіштері төмендегідей: Алгебра - 56%, геометрия - 54%, химия - 54%, биология - 77%, физика - 84%, география - 85%, жаратылыстану - 95%; гуманитарлық пәндер бойынша қазақ тілі - 72%, қазақ әдебиеті - 72%, орыс тілі - 62%, ағылшын тілі - 64%, Қазақстан тарихы - 76%.

2. Мектеп психологы Султан Гүлдарайым Төлегенқызының жарты жылдық жұмысының есебі тыңдалды.

3. Оқу ісі жөніндегі орынбасары Абрахманова Гүлзия Жаунбайқызы жалпы білім беретін пәндер олимпиадасы мен қосымша байқаулар қорытындысын атап өтті. Оқушылардың жарысқа қатысымы: Жүнісов Жанәрік "Менің кіші Отаным" байқауы, аудандық кезең II орын, облыстық кезең сертификат 2024 жыл, жетекшісі Бақтияров Е. Қанат Парасат аудандық "Терроризмнен азат әлем" атты сурет байқауы, алғыс хат 2024ж. Ұзаққалиев Султан "Терроризмнен азат әлем" атты сурет байқауы, алғыс хат 2024 жыл, жетекшісі Сатыгалиева Ардақ. Ермаққызы Айару аудандық "Зерде" байқауы II орын, жетекшісі Султан Г. Әнов Нұрсайт, Ұзаққалиев Султан аудандық "Зерде" байқауы психология бағыты бойынша II орын. Ахметалиев Мадияр аудандық "Зерде" байқауы өлкетану секциясы, алғыс хат, жетекшісі Бақтияров Е. Жолатова Ақгүл аудандық лингвистикалық олимпиадасы II орын, 2024 жыл, жетекшісі Жузенкулова А. Ержанқызы Еркежан облыстық "Алтын қазына" әлем байқауы III орын, 2024 жыл. Жетекшісі: Сатыгалиева Ардақ. Ұзаққалиев Султан "Алтын сақа" пән олимпиадасы. Алғыс хат, жетекшісі Әбілкейқызы М. Нұралқызы Ақкөбез "Алтын сақа" олимпиадасы аудандық II орын, жетекшісі Махатова Айзада.

Асанали Бахтияров "Алтын сақа" олимпиадасы аудандық кезең III орын, 2024 жыл, жетекшісі Нурадина Аружан. Саматова Гүлазім "Жаңа жылдық шыршаға әшекей" III орын (аудандық). Сайнова Динара "Өз қолымен жасалған жаңа жылдық сыйлықтар" I орын (ауд). Әйтім Ақжол "Өз қолымен жасалған жаңа жылдық кейіпкер" I орын (ауд). Серікбай Жансұлтан "Жаңа жылдық шырша - 2025" I орын (ауд). Болатова Ақгүл аудандық пәндік олимпиада I орын, 2024 жыл (орыс тілі). Нұралы Ғанимат аудандық пәндік олимпиада III орын, (қазақ тілі). Сайнова Диана аудандық пәндік олимпиада, Алғыс хат, 2024 (қазақ т.). Амантай Аяоз аудандық пәндік олимпиада I орын (орыс тілі).

4. Ғылыми мәселе бойынша оқушыларды ғылыми жоба жұмыстарын жазуға үйрету үшін нақты қадамдар мен әдістерді қолдану қажет. Олардың ғылыми жұмыс жазу процесін түсініп, дұрыс жолмен жүргізуге көмектесетін тиімді тәсілдермен бөлісті.

5. Мектеп әдіскері, әлеуметтік педагог Нұрымбаева Л.: Педагогикалық әдеп нормалары - мұғалімнің оқушылармен және әріптестерімен қарым-қатынасында сақтау керек болатын мінез-құлықтың, моральдың және кәсіби талаптардың жиынтығы. Олар мұғалімдердің жоғары мәдениеті мен жауапкершілігін көрсетіп, оқушыларға жақсы үлгі болуына негізделген. Педагогикалық әдеп нормаларының басты мақсаты - білім беру процесінде адалдық, құрмет, әділдік және бірлікті қамтамасыз ету.

6. Балабақша әдіскері Оспанова Ұ.Ж.: Мектепке дейінгі балаларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу - болашақ ұрпақты өз елінің тарихына, мәдениетіне, дәстүріне, заңдары мен құндылықтарына құрметпен қарауға, азаматтық жауапкершілігін сезінуге, Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға бағытталған маңызды тәрбие

жұмысы. Тәрбиеші бұл жұмысты тиімді ұйымдастыру арқылы балалардың патриоттық сана-сезімін ерте жастан бастап дамыта алады.

7. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Арыстанова Ж: 2024-2025 оқу жылында "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында жылдық жоспар құрылып, бекітіліп жұмыс атқарылуда.

Нормативтік құжаттар тамыз пед.кеңесінде таныстырылды. Жоспар бойынша 9 сынып жетекші тәрбие сағаттарының жылдық жоспары бекітіліп, жұмыс жоспарлы жүріп жатыр. "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы бойынша үлкен үзіліс кезінде іс-шаралар ұйымдастырылуда.

8. Бұйрық бойынша Мектебімізде 6 жоба, 4 қосымша жоба жұмыстануда. Жоба жетекшілеріне қоғамдық жұмыс ретінде міндеттелді. "Қамқор", "Еңбегі өрен жас өрен" жобалар жұмысы жақсы ұйымдастырылуда. "Балалар кітапханасы" жобасының жұмысын жоғары бағалауға лайық. Сонымен басқа жобалардың жүргізілуі жандандырылса.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Білім сапасы бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен сыныптарға қатаң бақылау қойылсын.
2. Мектеп психологының жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
3. Тәрбие және жоба жұмысы бойынша жұмыстар жандандырылсын.

Пед.кеңес төрайымы: Жумагулова Г.А

Хатшы: Исенбаева М.К

# Хаттама №5

Екпетал мектеп-балабақшасында 20 қараша 2025 жылы кезекті педагогикалық кеңес өтті.

Қатысуға тиіс: 20

Қатысқаны: 19 (1 дәлелді)

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысының жағдайы.
2. II тоқсан қорытындысы.
3. Мектепішілік бақылау қорытындысы.
4. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиада-лар, ғылыми жобалар конкурстары, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесі бойынша №514 бұйрық-тың орындалуы.
5. Вариативтік сабақтар мен "Жаһандық құзыреттілік" курсының жүргізілуі.
6. Үйірмелер жұмыстарының жүргізілуін бақылау қорытындысы.
7. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру және әлеуметтік педагог пен психологтың бірлескен жұмыс жоспарының орындалуы.
8. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың және жол-көлік оқиға-ларының алдын-алу шараларын ұйымдас/у.

Сөйлеушілер:

1. Тәлімгер Нұрланова Арайлым Бауыржановна-ның оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы-ның есебі тыңдалды.
2. Сынып жетекшілер тоқсандық білім сапасын атап өтті.

1-сынып

2-сынып 83%, 4-үздік, 1-екпінді оқушы

3-сынып сапа 67%, 3-үздік, 2-екпінді оқушы.

4-сынып сапа 62%, 1-үздік, 4-екпінді оқушы
5-сынып сапа 57%, 2-үздік, 2-екпінді.
6-сынып білім сапасы 3-үздік, 60%.
7-сынып 3 оқушы, 1 үздік оқушы, сапа 33%.
8-сыныпта 7 оқушы, 1 үздік, 2 екпінді, сапа 42%.
9-сыныпта 3 оқушы, 1 үздік, 2 екпінді, сапа 100%.

3. Оқу ісі жөніндегі орынбасары Абдрахманова Г. Мектепішілік бақылау жұмыстарының жоспарлы түрде жүріп жатқанын, пән мұғалімдерінің сабаққа өзара қатысуы, сабақтарға ену, оқушылардан оқу нормасы бойынша норматив алынғанын атап өтті.

4,9-сынып оқушыларымен тестке дайындықты күшейту керектігі ескертілді. Bilim Class электрондық журналын жүйелі толтыру және баға жүргізілмеуі тиіс екендігі айтылды.

4. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар, ғылыми жобалар конкурстарына, көркем шеберлік конкурстарына және спорттық жарыстарға №514 бұйрыққа негізделген түрлі конкурстар мен байқауларға оқушыларды қатыстыру және пән мұғалімдерінің де қатысуы сұралды.

5. Оқу ісі жөніндегі орынбасары Абдрахманова Гүлзия: Екпетал мектеп-бақшасында 1-4 сыныптарда "Жұмбақтар сандығы", "Математика және логика" тақырыбында факультативтік сабақтар мен 5-9 сыныптарда "Жаһандық құзыреттілік" курсы өткізіледі. Жаһандық құзыреттілік пен факультатив сабақтары оқушылардың жан-жақты дамуына, заманауи өмірге бейімделуіне бағытталған. Факультатив сабақтар оқу процесінің бір бөлігі ретінде жүйелі,

сапалы және уақытылы жүзеге асырылып келеді. Оқушылардың жұмыс дәптерлері басталып, жүйелі түрде жүргізілуде. Жеке жұмыстар мен шығармашылық тапсырмалар дәптерде көрініс тапқан.

6. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Арыстанова Жанат: Мектептегі үйірмелердің жұмыстарына тоқталды. Спорттық үйірме - 4, вокал - 1. Мектептегі мұғалімдер мен ата-аналар кезекшілігі туралы айтылды. Кезекшінің мақсаты, міндеті оқушының мектепке рұқсат етілмеген заттарды әкелмеуін қадағалау.

7. Мектеп психологі Султан Г.Т.: 2024-2025 оқу жылының басында психологиялық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Оқушылармен ата-аналарды және педагогтерге психологиялық қолдау жұмысы жоспар бойынша жүргізілді. Жоспардан тыс ата-аналарды педагогикалық қолдау жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізіліп, кездесулер өткізіліп, кеңестер берілді. Әлеуметтік педагогпен бірлесіп оқушылардың әлеуметтік жағдайына зерделеу жүргізілді және отбасынан бөлек туысқандарымен бірге тұратын оқушылардың тұрмыстық жағдайы, күнделікті сабаққа қатысымы, көңіл-күйі бақыланды.

8. Мектеп директоры Жумагулова Гульнур: ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің 2015 жылғы 26 наурыздағы №349 бұйрығы негізінде балаларды мектепке тасымалдау кезінде қауіпсіздік талаптарымен таныстырды. Аталған бұйрыққа сәйкес, балаларды арнайы автобуспен тасымалдаған

[illegible]
талаптар, жүргізушілердің біліктілігі, балалардың отырғызылуы мен түсірілуі, жол қозғалыс ережелерін сақтау қажеттілігі түсіндірілді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Орыстанова Ж.А.: ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің 2015 жылғы 26 наурыздағы №349 бұйрығының талаптарына сай балаларды тасымалдау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ережелерді қатаң сақтау керек.

Оқушылардың жол-көлік оқиғаларынан сақтануын қамтамасыз ету үшін жалпы ата-аналар жиналысы өткізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында полиция қызметкерлерімен кездесулер жоспарға сай өткізілуде. Сонымен қатар мектебімізде "Жас жол инспекторлары" жасақтары құрылуы қажет.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:
1. 9-сынып оқушыларының білім деңгейі назарға алына отырып, қорытынды аттестаттауға дайындық жүргізілсін.
2. Оқушылардың олимпиадаларға, ғылыми жобаларға қатысу деңгейі назарға алынсын.
3. ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің 2015 жылғы 26 наурыздағы №349 бұйрығының талаптары мектеп ұжымына толық таныстырылсын.
4. "Жас жол инспекторлары" жасақтары құрылсын.

Педкеңес төрайымы: [signature] Жумагулова Г.А.
Хатшы: [signature] Ескендирова М.К.

Хаттама №5.

Екпетал мектеп-балабақшасында 16 сәуір 2025 жыл кезектен тыс педагогикалық кеңес өтті.

Өтетін уақыты: 09:00

Қатысқандар: 20

Кеңес төрайымы: Жұмағұлова Г.А

Күн тәртібінде:

1. "Екпетал мектеп-балабақшасы" КММ-нің 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылының қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу туралы

Тыңдалды:

Екпетал мектеп-балабақшасының директоры Гүлнұр Амангелдиевна Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің "Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы" 2022 жылы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығын басшылыққа ала отырып, мектеп қызметін өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері болып мыналар табылатындығын атап өтті:

1) Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;

2) Оқыту және білім беру;

3) Білімді қызметкерлердің болуы;

4) Қажеттілді білім беру үшін жағдай жасау;

5) Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

6) Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық техникалық база.

Екпетал мектеп-балабақшасы қызметіне өзін-өзі бағалауға ұсынылатын білім беру қызмет-

терінің ҚР оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына талдау жасаумен жүзеге асырылады:

1) Оқу нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны;

2) Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;

3) Білім алушылардың және тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне;

4) Оқу мерзіміне сәйкестігін талдау;

5) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта біліммен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" ҚР оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген стандарттарының талаптарына сәйкестігін зерделеу кезінде ҚР-ы оқу-ағарту министрінің 2022 жылы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары" пайдаланылады.

Мектеп қызметін өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу бойынша педагогикалық кеңесте қаулы қабылданды:

Қаулы:

1. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау нұсқаулығына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін "Екпетал мектеп-балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін.

2. "Екпетал мектеп-балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне

жүргізілетін өзін-өзі бағалау жұмыстарының мерзімі 2025 жылдың 07.04-30.04 аралығы болып бекітілсін.

3. Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін құрылған жауапты комиссия өз жұмысын уақытында орындасын

4. ҚР "Білім туралы" заңына сәйкес білім беру ұйымы көрсететін білім беру қызметінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талабына сәйкестігі анықталсын.

5. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу кезінде комиссия мүшелеріне зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бөліп, жоспар құрылып бекітілсін.

Педкеңестің төрайымы: Жуматова Г.А
Хатшы: Есенбаева М.К

Хаттама №6

Екпетал мектеп-балабақшасында 29 мамыр 2025 жылы кезекті педагогикалық кеңес өтті.

Қатысуға тиіс: 19

Қатысқандар: 18 (1 дәлелді)

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Сыныптан сыныпқа көшіру, қорытынды аттестаттауды өткізу туралы
2. Оқу жылының қорытындысы
3. Мұғалімдерді кезекті еңбек демалысына жіберу туралы.
4. Келесі оқу жылының мақсат-міндеттерін анықтау.
5. Оқушылар қорын келесі оқу жылына жоспарлау

2. [illegible] мектеп-бақылаушысы [illegible]-нің қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау есебін талқылау туралы.

Тыңдалды:

1. Оқу ісінің орынбасары Гүлзия Жауынбайқызы 2024-2025 оқу жылының 4-тоқсан бойынша білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингісімен таныстырды. 4-тоқсан бойынша жалпы 2-9-сыныптар арасындағы білім сапасы 53%, ал жылдық көрсеткіш бұл [illegible] көрсеткенін айтты. Сонымен қатар әр сыныптың жеке мониторингіне тоқталып өтті. Атап айтсақ, 2-сынып 4-тоқсанда - 83%, жылдық - 83%, 3-сынып 4-тоқсанда - 50%, жылдық - 62%, 4-сынып 4-тоқсанда - 55%; жылдық - 55%, 5-сынып 4-тоқсанда - 42%, жылдық - 57%, 6-сынып 4-тоқсанда - 60%, жылдық - 60%, 7-сынып тоқсандық та, жылдық та 33%, 8-сынып 4-тоқсанда 43%, жылдық сапа - 57%, 9-сынып 4-тоқсанда - 50%, жылдық - 50%.

2. 2-4-сынып оқушыларын сыныптан сыныпқа көшіру, марапаттау туралы айтылды. Білім сапасының нәтижесі негізінде 2-4-сынып бойынша "Үздік" оқыған оқушылардың тізімі, марапатталуы туралы хабарлама беріп өтті. 23 мамыр күні салтанатты жиын ұйымдастырылып, осы жиында оқуды "үздік" аяқтаған оқушылар марапатталды.

5-8-сынып оқушыларын аралық аттестаттау бойынша емтихан кестесі мен емтиханға дайындық кестесі құрылып, пән мұғалімдеріне таныстырылды. Емтиханға жіберу және оқушыларды келесі сыныпқа көшіру педкеңестің шешімі нәтижесінде жіберіледі.

9-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға жіберу бойынша педагогикалық кеңестің шешімі жасалынды.

3. Мектеп директоры Г. Амангелдиевна мұғалімдердің кезекті еңбек демалысының кестесімен таныстырып өтті. Мұғалімдер еңбек демалысы бойынша сұрақтарын қойып, әкімшілік тарапынан нақты жауаптарын алды.

4. 2025-2026 оқу жылының мақсаты білім беру сапасын арттыра отырып, жаңартылған білім мазмұны аясында оқушының тұлғалық дамуына, құндылықтарға негізделген тәрбие мен сапалы білім беруді қамтамасыз ету. Міндеттер:

1) Білім беру сапасын арттыру;
2) Цифрлық білім беру ортасын дамыту;
3) Тәрбие жұмысын жүйелеу;
4) Оқушының жеке дамуын қолдау;
5) Мектептің әдістемелік қызметін жетілдіру.

2025-2026 оқу жылында алға қойылған мақсаттар мен міндеттер оқушылардың жан-жақты дамуына, мұғалімдердің кәсіби өсуіне және мектептің білім сапасын арттыруға бағытталатын болады.

5. Кітапханашы Житанова Акерке: 2024-2025 оқу жылында мектеп кітапханасында негізгі пәндер бойынша оқулықтармен қамтылу деңгейі 100% құрады.

Келесі оқу жылына жоспарланған шаралар:

1. Мұғалімдермен бірлесе отырып, пәндер бойынша нақты оқушы санына сай оқулықтарға сұраныс жасау.
2. Қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын алдын ала анықтап, білім басқармасына тапсырыс беру.
3. Қолданыстағы оқулықтардың тозу деңгейін бағалап, жарамсыздарын есептен шығару.
4. Электрондық оқулықтар мен цифрлық ресурстарды кеңінен қолдануды жоспарлау.

комиссия төрағасы:
"Екпетал мектеп - бөлабақшасы" КММ-нің 2025 жылдың 16 сәуір күнгі кезектен тыс өткізілген №5 педагогикалық кеңесінің шешімінің орындалуы бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, қорытынды анықтамамен таныстырды.

Ұжым алдында өзін-өзі бағалау өлшемшарттары бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, қорытынды анықтамамен таныстыру үшін сөз комиссия мүшелеріне берілді.

Сөйлеушілер:

Абдрахманова Г.Ж - комиссия мүшесі, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрі-ң 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 1,2 параграфтарының нақты талаптары негізінде 1-9-сыныптарындағы жұмыстар зерделеп, өзін-өзі бағалау жүргізілді:

1. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру мен оқу мерзіміне қойылатын талаптары;
2. Білім алушылардың дайындық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптары;
3. Бағалау өлшемшарттарында берілген 7-18 қосымшалар бойынша педагогтердің бейіні бойынша дипломдары, біліктілік санаттары, мектептің материалдық базасы тексерілді.

Аталған бұйрықтың 1-2 параграф өлшемшарттары талаптарына сәйкес 2023-2024, 2024-2025 оқу жылындағы мектептің оқу тәрбие процесінің Жылдық жұмыс жоспар-

лары, жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері зерделенді. Зерделеу қорытындысымен таныстыра келе, зерделеу барысында әр бөлім бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстарға тоқталды. Зерделеу барысында оқыту нәтижелерін анықтау үшін 4, 9-сыныптардан тест алынғандығын айта келе, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың жалпы талаптарына сәйкестікті ұсынатын білім беру қызметтерін талдау жағында тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білім немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің, біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған /растаған педагогтердің үлесі(де) қайызылмыз жеткілікті деңгейде болды. Балабақша педагогтерінің санаты бойынша үлесі төмен.

Тлегенова Ж.Т.-комиссия мүшесі: "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 2-қосымша 2-тарау 25-тармағы, 3-қосымша 4-тарау 56-тармағы, 4-қосымша 4-тарау 50-тармағы бойынша bilimclass электронды журналы арқылы күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары зерделенді. Мектеп бойынша білім алушылардың білім беру қызметінің дайындық деңгейіне, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жасалған жағдайды анықтау үшін сауалнама жүргізілді.

Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім

беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттың тізбесінің сақталуын, педагогикалық кадрларын жасақталуы және білім беру процесін материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету туралы мәліметтерді беру үшін әдістемелік ұсынымның 7, 8, 9, 10, 11, 12 қосымшалары толтырылып, күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқылана отырып педкеңесте төмендегідей шешім қабылданды:

Шешім.

1. "Екпетал мектеп-балабақшасы" КММ-сінің қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау нәтижесінде анықталған кемшіліктер бойынша кешенді жоспар құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілсін.
2. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін, білім беру қызметінің нәтижелерін бағалау үшін білім беру қызметінің қорыту сапасының деңгейіне сәйкес 55 балл / үлгілі деп бағалансын.
3. Өзін-өзі бағалау жөніндегі есеп білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізілсін.
4. Мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері бойынша қамқоршылық кеңес құрамының алдында есеп берілсін.
5. Өзін-өзі бағалау есебі Екпетал мектеп-балабақшасының интернет-ресурсында жариялансын.
6. 1-4-сынып оқушылары келесі сыныпқа көшірілсін.
7. 5-8-сынып оқушылары сыныптан

сыныпқа көшірілсін және аралық емтиханға жіберілсін.

8. 9-сынып оқушылары мемлекеттік емтиханға жіберілсін.

9. Оқу жылын үздік аяқтаған оқушылар Мақтау қағазымен марапатталсын.

10. Еңбек демалысының кестесіне сәйкес мұғалімдер еңбек демалысына жіберілсін.

Педкеңес төрайымы: Жумагулова Г.А

Хатшы: Исенбаева М.К